10-бөлім. Электр плитасының техникалық сипаттамалары.



Құрметті сатып алушы,

«Біз, қазіргі заманғы кәсіпорындарда өндірілетін және сапасын қатаң бақылаудан өтетін біздің өнім Сізге неғұрлым тиімді қызмет етуін қалаймыз. Біз сізден құралды пайдалану алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығуыңызды және оған одан әрі жүгіну үшін осы нұсқаулықты сақтауыңызды өтіне сұраймыз».

Клиенттерге қызмет көрсету

Клиенттерге қызмет көрсету

Сіз өздігінен жоя алмайтын ақаулықтар пайда болған жағдайда, клиенттерге қолдау көрсету қызметіне телефон бойынша жүгінуіңіз. Клиенттерге қолдау көрсету қызметінде сізден құралдың үлгісін және сериялық нөмірін сұрайды. Сіз осы мәліметтерді пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан және сипаттамалары бар жапсырмалардан таба аласыз.

Құрметті сатып алушы...

Сіздің біз үшін маңыздылығыңызды айқын көрсету үшін, біз Сізге кеңес беруге арналған тегін телефон желісінің қызметтерін ұсынамыз. Осы қызметті пайдалана отырып, Сіз ақпарат ала аласыз және төменде аталған сұрақтар бойынша хабарлама қалдыра аласыз.




- Қажетті көмек алу үшін жақын жердегі ресми сатушының немесе қызмет көрсетудің ресми қызметтерінің телефон нөмірлеріне қоңырау шалыңыз.

1 БӨЛІМ

Үстел плитасының техникалық сипаттамалары

3+1 LPG үстел плитасы немесе табиғи газ (опциялық)

1. Плитаның торы
2. Тұтату
3. Орташа конфорка
4. Үлкен конфорка
5. Қосымша конфорка
6. Газдың жануын реттегіштер
7. Электр плитаны реттегіш
8. Электр конфорка
9. Плитаның жоғарғы беті
10. Плитаның төменгі беті
11. Конфорканың жоғарғы бөлігі



LPG 4 конфоркасы бар үстел плитасы немесе табиғи газ (опциялық)

1. Плитаның торы
2. Тұтату
3. Орташа конфорка
4. Үлкен конфорка
5. Қосымша конфорка
6. Газдың жануын реттегіштер
7. Плитаның жоғарғы беті
8. Плитаның төменгі беті
9. Конфорканың жоғарғы бөлігі

3+1 LPG үстел плитасы немесе табиғи газ

Ені.	585 мм
Тереңдігі	544 мм
Биіктігі	92 мм
Нетто салмақ	8,200 кг
Брутто салмақ	9,200 кг

Конфорканың нақты салмағы (брутто)	LPG 30 мбар	Таб. газ 20 мбар
Үлкен конфорка (сол алдыңғы)	2,30 кВ/сағат	2,30 кВ/сағат
Қалыпты конфорка (оң артқы)	1,50 кВ/сағат	1,40 кВ/сағат
Қосымша конфорка (оң алдыңғы)	0,85 кВ/сағат	0,85 кВ/сағат
Жалпы қуаты (bPO / Таб. газ)	4,65 кВ/сағат	4,55 кВ/сағат

Газдың шығыны

Үлкен конфорка (сол алдыңғы)	0,181 кг/сағат	0,238 м3/сағат
Қалыпты конфорка (оң артқы)	0,118 кг/сағат	0,142 м3/сағат
Қосымша конфорка (оң алдыңғы)	0,067 кг/сағат	0,082 м3/сағат

Бүріккіш мм

Үлкен конфорка (сол алдыңғы)	0,80 мм	1,20 мм
Қалыпты конфорка (оң артқы)	0,65 мм	0,92 мм
Қосымша конфорка (оң алдыңғы)	0,50 мм	0,70 мм

Қуат көзінің кернеуі	220–240 В айным. тоқ 50 Гц
Ø 145 Электрлік конфорка	1000 Вт
Тұтату	0,6 электрлік автоматты
Қауіпсіздік	Кранды жабуға арналған құрылғы

LPG 4 конфоркасы бар үстел плитасы немесе табиғи газ


Ені	580 мм	
Тереңдігі	510 мм	
Бийіктігі	84 мм	
Нетто салмақ	7,350 кг	
Брутто салмақ	8,300 кг	
Конфорканың нақты салмағы (брутто)	LPG 30 мбар	Таб. газ 20 мбар
Үлкен конфорка (сол алдыңғы)	2,30 кВ/сағат	2,30 кВ/сағат
Қалыпты конфорка (оң-сол артқы)	2x1,50 кВ/сағат	2x1,40 кВ/сағат
Қосымша конфорка (оң алдыңғы)	0,85 кВ/сағат	0,85 кВ/сағат
Жалпы қуаты (БРО/Таб. газ)	6,15 кВ/сағат	5,95 кВ/сағат
Газдың шығыны		
Үлкен конфорка (сол алдыңғы)	0,181 кг/сағат	0,238 м3/сағат
Қалыпты конфорка (оң-сол артқы)	2x0,118 кг/сағат	2x0,142 м3/сағат
Қосымша конфорка (оң алдыңғы)	0,067 кг/сағат	0,082 м3/сағат
Бүрікпеш мм		
Үлкен конфорка (сол алдыңғы)	0,80 мм	1,20 мм
Қалыпты конфорка (оң-сол артқы)	2x0,65 мм	2x0,92 мм
Қосымша конфорка (оң алдыңғы)	0,50 мм	0,70 мм
Қуат көзінің кернеуі	220-240 В айн. ток 50 Гц	
Тұтату	0,6 электрлік автоматты	
Қауіпсіздік	Кранды жабуға арналған құрылғы	

2 БӨЛІМ

Кіріктірілген плитаның техникалық сипаттамалары


3+1 LPG плитасы немесе табиғи газ (опциялық)

1. Плитаның торы
2. Тұтату
3. Орташа конфорка
4. Үлкен конфорка
5. Қосымша конфорка
6. Газдың жануын реттегіштер
7. Электр плитаны реттегіш
8. Электр конфорка
9. Плитаның жоғарғы беті
10. Плитаның төменгі беті
11. Конфорканың жоғарғы бөлігі



LPG 4 конфоркасы бар үстел плитасы немесе табиғи газ (опциялық)

1. Плитаның торы
2. Тұтату
3. Орташа конфорка
4. Шағын-вок конфорка
5. Қосымша конфорка
6. Газдың жануын реттегіштер
7. Плитаның жоғарғы беті
8. Плитаның төменгі беті
9. Конфорканың жоғарғы бөлігі



3+1 LPG үстел плитасы немесе табиғи газ

Ені	580 мм	
Тереңдігі	510 мм	
Биіктігі	84 мм	
Нетто салмақ	8,200 кг	
Брутто салмақ	9,200 кг	
Конфорканың нақты салмағы (брутто)	LPG 30 мбар	Таб. газ 20 мбар
Үлкен конфорка (сол алдыңғы)	2,30 кВ/сағат	2,30 кВ/сағат
Қалыпты конфорка (оң артқы)	1,50 кВ/сағат	1,40 кВ/сағат
Қосымша конфорка (оң алдыңғы)	0,85 кВ/сағат	0,85 кВ/сағат
Жалпы қуаты (БРО/Таб.газ)	4,65 кВ/сағат	4,55 кВ/сағат
Газдың шығыны		
Үлкен конфорка (сол алдыңғы)	0,181 кг/сағат	0,238 м3/сағат
Қалыпты конфорка (оң артқы)	0,118 кг/сағат	0,142 м3/сағат
Қосымша конфорка (оң алдыңғы)	0,067 кг/сағат	0,082 м3/сағат
Бүріккіш мм		
Үлкен конфорка (сол алдыңғы)	0,80 мм	1,20 мм
Қалыпты конфорка (оң артқы)	0,65 мм	0,92 мм
Қосымша конфорка (оң алдыңғы)	0,50 мм	0,70 мм
Қуат көзінің кернеуі	220–240 В айным. тоқ 50 Гц	
Ø 145 Электрлік конфорка	1000 Вт	
Тұтату	0,6 электрлік автоматты	
Қауіпсіздік	Кранды жабуға арналған құрылғы	

LPG 4 конфоркасы бар үстел плитасы немесе табиғи газ

Ені	580 мм	
Тереңдігі	510 мм	
Биіктігі	84 мм	
Нетто салмақ	7,350 кг	
Брутто салмақ	8,300 кг	
Конфорканың нақты салмағы (брутто)	LPG 30 мбар	Таб. газ 20 мбар
Үлкен конфорка (сол алдыңғы)	2,30 кВ/сағат	2,30 кВ/сағат
Қалыпты конфорка (оң-сол артқы)	2x1,50 кВ/сағат	2x1,40 кВ/сағат
Қосымша конфорка (оң алдыңғы)	0,85 кВ/сағат	0,85 кВ/сағат
Жалпы қуаты (БРО/Таб.газ)	6,15 кВ/сағат	5,95 кВ/сағат
Газдың шығыны		
Үлкен конфорка (сол алдыңғы)	0,181 кг/сағат	0,238 м3/сағат
Қалыпты конфорка (оң-сол артқы)	2x0,118 кг/сағат	2x0,142 м3/сағат
Қосымша конфорка (оң алдыңғы)	0,067 кг/сағат	0,082 м3/сағат
Бүріккіш мм		
Үлкен конфорка (сол алдыңғы)	0,80 мм	1,20 мм
Қалыпты конфорка (оң-сол артқы)	2x0,65 мм	2x0,92 мм
Қосымша конфорка (оң алдыңғы)	0,50 мм	0,70 мм
Қуат көзінің кернеуі	220–240 В айным. тоқ 50 Гц	
Тұтату	0,6 электрлік автоматты	
Қауіпсіздік	Кранды жабуға арналған құрылғы	


Кіріктірілген плитаның техникалық сипаттамалары (шағын-вок конфоркасы)**3+1 LPG плитасы немесе табиғи газ (опциялық)**

1. Плитаның торы
2. Тұтату
3. Орташа конфорка
4. Үлкен конфорка
5. Қосымша конфорка
6. Газдың жануын реттегіштер
7. Электр плитаны реттегіш
8. Электр конфорка
9. Плитаның жоғарғы беті

10. Плитаның төменгі беті
11. Конфорканың жоғарғы бөлігі

LPG 4 конфоркасы бар үстел плитасы немесе табиғи газ (опциялық)

1. Плитаның торы
2. Тұтату
3. Орташа конфорка
4. Шағын-вок конфорка
5. Қосымша конфорка
6. Газдың жануын реттегіштер
7. Плитаның жоғарғы беті
8. Плитаның төменгі беті
9. Конфорканың жоғарғы бөлігі



3+1 LPG үстел плитасы немесе табиғи газ

Ені	580 мм	
Тереңдігі	510 мм	
Биіктігі	84 мм	
Нетто салмақ	8,200 кг	
Брутто салмақ	9,200 кг	

Конфорканың нақты салмағы (брутто)	LPG 30 мбар	Таб. газ 20 мбар
Үлкен конфорка (сол алдыңғы)	2,30 кВ/сағат	2,30 кВ/сағат
Қалыпты конфорка (оң артқы)	1,50 кВ/сағат	1,40 кВ/сағат
Қосымша конфорка (оң алдыңғы)	0,85 кВ/сағат	0,85 кВ/сағат
Жалпы қуаты (БРО/Таб.газ)	4,65 кВ/сағат	4,55 кВ/сағат

Газдың шығыны

Үлкен конфорка (сол алдыңғы)	0,181 кг/сағат	0,238 м3/сағат
Қалыпты конфорка (оң артқы)	0,118 кг/сағат	0,142 м3/сағат
Қосымша конфорка (оң алдыңғы)	0,067 кг/сағат	0,082 м3/сағат

Бүріккіш мм

Үлкен конфорка (сол алдыңғы)	0,80 мм	1,20 мм
Қалыпты конфорка (оң артқы)	0,65 мм	0,92 мм
Қосымша конфорка (оң алдыңғы)	0,50 мм	0,70 мм
Қуат көзінің кернеуі	220–240 В айным. тоқ 50 Гц	
Ø 145 Электрлік конфорка	1000 Вт	
Тұтату	0,6 электрлік автоматты	
Қауіпсіздік	Кранды жабуға арналған құрылғы	

LPG 4 конфоркасы бар үстел плитасы немесе табиғи газ

Ені	580 мм	
Тереңдігі	510 мм	
Биіктігі	84 мм	
Нетто салмақ	7,350 кг	
Брутто салмақ	8,300 кг	

Конфорканың нақты салмағы (брутто)	LPG 30 мбар	Таб. газ 20 мбар
Үлкен конфорка (сол алдыңғы)	2,30 кВ/сағат	2,30 кВ/сағат
Қалыпты конфорка (оң-сол артқы)	2x1,50 кВ/сағат	2x1,40 кВ/сағат
Қосымша конфорка (оң алдыңғы)	0,85 кВ/сағат	0,85 кВ/сағат
Жалпы қуаты (БРО/Таб.газ)	6,15 кВ/сағат	5,95 кВ/сағат


Газдың шығыны

Үлкен конфорка (сол алдыңғы)	0,181 кг/сағат	0,238 м3/сағат
Қалыпты конфорка (оң-сол артқы)	2x0,118 кг/сағат	2x0,142 м3/сағат
Қосымша конфорка (оң алдыңғы)	0,067 кг/сағат	0,082 м3/сағат

Бүріккіш мм

Үлкен конфорка (сол алдыңғы)	0,80 мм	1,20 мм
Қалыпты конфорка (оң-сол артқы)	2x0,65 мм	2x0,92 мм
Қосымша конфорка (оң алдыңғы)	0,50 мм	0,70 мм
Қуат көзінің кернеуі	220–240 В айным. тоқ 50 Гц	
Тұтату	0,6 электрлік автоматты	
Қауіпсіздік	Кранды жабуға арналған құрылғы	

КІРІКТІРІЛГЕН ПЛИТАНЫ ҚҰРАСТЫРУҒА ДАЙЫНДЫҚ




ПЛИТАНЫ ҚҰРАСТЫРУ

Плитаның құрылымында судың тесіктер арқылы шкафқа ағуына кедергі келтіретін тығыздағыш бар. Тығыздағышты орналастырыңыз және оны суретте көрсетілген сияқты жабыстырыңыз. Плитаның төменгі жағын жоғарыға қаратып аударыңыз, резеңкелі тығыздағыштың қорғаныш лентасын алып тастаңыз және тығыздағышты плитаға жабыстырыңыз. Тығыздағыштың шеттері қосылуы қажет. Құрастыру тіліктерін, 5-суретте көрсетілген сияқты, бұрандамалардың көмегімен орнатыңыз. Бұдан кейін плитаны үстелдің үстіңгі тақтайының ойылған жеріне орнатыңыз.

ШЫНЫ КІРІКТІРІЛГЕН ПЛИТАНЫ ҚҰРАСТЫРУҒА ДАЙЫНДЫҚ

1-сурет




Плитаны төменгі жағымен жоғары аударыңыз және қаптамада тұрған пенопластқа орналастырыңыз. Силиконды жағыңыз.

2-сурет




Силиконды шыны бетіне жағыңыз

3-сурет




Қапшықта тұрған силиконды плитаның айналасына жағыңыз, суретте көрсетілген сияқты.

4-сурет




6-сурет



Кіріктірілген плита суретте көрсетілген сияқты орнатылуы қажет.

5-сурет




Құрастыру тетігін суретте көрсетілген сияқты орнатыңыз

ПЛИТАНЫ ҚҰРАСТЫРУ

Плитаның құрылымында судың тесіктер арқылы шкафқа ағуына кедергі келтіретін тығыздағыш бар. Тығыздағышты орналастырыңыз және оны суретте көрсетілген сияқты жабыстырыңыз. Плитаның төменгі жағын жоғарыға қаратып аударыңыз, резеңкелі тығыздағыштың қорғаныш лентасын алып тастаңыз және тығыздағышты плитаға жабыстырыңыз. Тығыздағыштың шеттері қосылуы қажет. Құрастыру тіліктерін, 5-суретте көрсетілген сияқты, бұрандамалардың көмегімен орнатыңыз. Бұдан кейін плитаны үстелдің үстіңгі тақтайының ойылған жеріне орнатыңыз.


КІРІКТІРІЛГЕН ПЛИТАНЫ ҚҰРАСТЫРУҒА ДАЙЫНДЫҚ




7-суретте плитаны орнатуға арналған үстелдің үстіңгі тақтайының ойылған жерінің өлшемдері көрсетілген. Алдын-ала дайындалған плитаны, үстелдің үстіңгі тақтайының қажетті өлшемде ойылған жеріне орналастырыңыз.

Егер сіз плитаны духовканың үстіне орнатсаңыз, 8 және 9-суреттерге сәйкес духовка мен плитаның арасында ауа айналымын қамтамасыз етіңіз.

ПЛИТАНЫ ОРНАТУ (КІРІКТІРІЛГЕН ПЛИТАҒА АРНААЛҒАН 200 серия)





2-сурет

Силиконды тығыздағыштың лентасын плитаға және оның шеттеріне көріуіңізді өтінеміз (1-сурет). Соңғы кезекте жұмыс бетінің төменгі шеттерінен жалғағыш қысқыштарын және бұрандамаларын бекітіңіз (2-сурет).

3 БӨЛІМ

Плитаны пайдалану алдында неге назар аудару қажет және қауіпсіздікке қатысты ескертулер

Құралды желілік кабельге қол жеткізілетіндей етіп орнатыңыз. Осы құралдың жұмыс кернеуі – 220 В. Желілік кабельдің жерге тұйықталған айыры міндетті түрде жерге тұйықталған розеткамен пайдалануы қажет.

- Сіздің құралыңыз, үлгісіне байланысты, баллондағы газбен (LPG) немесе табиғи газбен жұмыс істеу үшін реттелген. (Опция).
- Құралдың LPG немесе табиғи газбен жұмысын реттеу үшін, қызмет көрсетудің ресми қызметіне жүгініңіз.
- Желімен байланысты және жерге тұйықтауды электрик-маман орындауы қажет.
- Құралды жоғарыда көрсетілген талаптарды сақтамай пайдалану жағдайда келтірілген зақым үшін біздің фирма жауап бермейді.
- Егер сіздің құралыңыз LPG жұмыс істеген жағдайда, шығысындағы қысымы 1,5 кг/см² TSE 300 мм SS маркалы газсалқындатқышты пайдаланыңыз.

Сіздің құралыңызды LPG баллонына газ шықпайтындай етіп қысқа пластикалық құбыршектің көмегімен жалғаңыз.

Сіздің құралыңызды табиғи газдың қранына газ шықпайтындай етіп қысқа спиральдік құбыршектің көмегімен жалғаңыз.

Қауіпсіздік мақсатында пайдаланылатын құбыршек 125 см қысқа болуы қажет.

Құралды орнатқан кезде, газ құбыршегі немесе электрлік (желілік) кабель құралдың корпусының астында қалып қоймайтынын бақылаңыз. Сондай-ақ кабельдер духовкаға жақын жерден өтпеуі қажет. Кабельді оқшаулағыш зақымданбауы қажет.

Желілік кабельді зақымдаған кезде жақын жердегі қолдау көрсету қызметіне жүгініңіз және жаңа кабельді орнатуға тапсырыс беріңіз.

Құралды газ құбыршегінің ұзындығы мүмкіндік беретін қашықтықтан артық жылжитпаңыз.

Күш қолдану құбыршектің байланысқан жерлерінде газдың шығуының себебі болуы мүмкін.

Электрлік жанарғының, оның үстіне кәстрөлді немесе басқа ыдысты қоймай пайдаланбаңыз.


Электрлік жанарғылардың айналасындағы тот баспайтын пластиналары қызған кезде түсін өзгертуі мүмкін. Бұл пайдалану үшін кедергі болып табылмайды.

Құралды пайдалану алдында оған орын дайындаңыз және электрлік жұмыстарды орындаңыз. Бұдан кейін қолдау көрсету қызметін шақырыңыз.

Ескерту: пайдалану алдында тот баспайтын болаттың бетінен қабыршақты алып тастаңыз.


4 БӨЛІМ

Басқару панелімен таныстыру және духовканы пайдалану



Газдың жануын реттегіштер

Газдың жануын реттегіштер қауіпсіздіктің арнайы құрылғысымен жабдықталған. Газдың ағынын ашу үшін, реттегішті сәл басып және солға бұрау қажет. Газ плиталарын аса тиімді пайдалану үшін оның үстіне орнатылатын ыдыстардың өлшеміне назар аударыңыз. Ол үшін төмендегі суретті пайдаланыңыз.



Тұтату жүйесі

Сіздің плитаның үлгісіне байланысты тұтатудың екі жүйесі бар. Егер сіздің үлгіңізде тұтату сыртқы батырманың көмегімен жүзеге асырылған жағдайда, сіз тұтатқыңыз келген конфорканың реттегішіне сәл басып, газдың ағынын ашу үшін сағат тіліне қарсы сол жаққа бұраңыз. Бірден осыдан кейін тұтату батырмасына басыңыз және ол тұтанбағанша, оны басулы күйінде ұстаңыз. Бұдан кейін тұтату батырмасын босатыңыз. Осы процедураны конфорканың әрбір рет тұтатқан сайын қайталап отыру қажет. Егер сіздің үлгіңізде тұтату газды реттеп отырып оттықпен жүзеге асырылса (жоғарыдағы суретте көрсетілген сияқты), газды реттегішке сәл басыңыз және оны тұтату белгісіне дейін жоғары бұраңыз; тұтату жұмыс істейді. Тұтату жұмыс істеген кезде сондай-ақ газ ағыны да ашылады. Алау пайда болғаннан кейін алаудың мөлшерін анықтау үшін реттегішті үлкен немесе кішігірім алау жаққа бұраңыз. Оттық тұтатуды тоқтатады және алаудың жануы жалғасады. Егерде алау пайда болмаған жағдай болса, осы процедураны алау пайда болғанға дейін жалғастырыңыз.



5 БӨЛІМ

Күтім және тазала

Газ плиталарын тазарту

1. Тазарту уақытында кабельді розеткадан шығарыңыз.
2. Құралдың дизайны, дайындау кезінде ағатын майлы су үстелдің үстіңгі тақтайына түсуіне жол бермейтіндей етіп әзірленген. Конфоркалардың айналасын тазарту үшін торлар оңай шешіледі. Эмальдалған немесе тот баспайтын бөліктер сабынды сумен тазартылады және бұдан кейін құрғақ матамен құрғағанша сүртіледі.
3. Газ конфоркаларының жоғарғы беттерін және торларын сабынды сумен жуыңыз және құрғатыңыз.
4. Құралға түскен лимон; май сияқты қышқылы бар заттарды бірден тазарту ұсынылады.
5. Сіз пайдаланатын тазарту құралдарының құрамында, эмальдан немесе тот баспайтын болаттан жасалған беттерді сыратындай бөлшектердің болмауын бақылаңыз. Крем тәрізді немесе сұйық тазарту құралдарын, сонымен қатар ағартқышы бар құралдарды пайдаланбаңыз. Сіз плитаның торларын ыдыс жуатын машинада жау аласыз.

Ескерту:

- газ конфоркаларының бастиектерін және жоғары жақтарын ыдыс жуатын машинада жумаңыз.
- қиын кетірілетін дақтар мен кірлерді конфоркалардың бастиектерінен жою үшін сатылымдағы металл беттерін тазарту құралдарын олардың нұсқаулықтарына сәйкес пайдаланыңыз.
- бастиектерді және жоғары жақтарын жуып және құрғатқаннан кейін, оларды өз орындарына дұрыс орнатуға назар аударыңыз.
- құралдарда және конфоркаларға жақын тот баспайтын жерлерінде, конфоркалардың қызуынан түсі өзгеруі мүмкін.
- тот баспайтын немесе «элоксаль» беттерін тазарту үшін құрамында қышқылы немесе хлор бар тазарту құралдарын пайдаланбаңыз. Тазартуды сабынды суда суланған жұмсақ матамен, сұйық (түрпілі емес) тазарту құралының көмегімен орындаңыз.

Тазарту үшін төменде аталған материалдарды пайдаланбаңыз.



6 БӨЛІМ

Плитаны алдын-ала дайындау және құрастыру

LPG бар плитаны алдын-ала дайындау және құрастыру (Опция).

Сіздің планшетыңыз LPG (баллон) жұмыс істеу үшін реттелгендіктен, планшета LPG (баллон) құбыршегіне арналған сәйкес саптаманы жалғастыру қажет. Газ құбыршегі ыстық беттермен жанаспауы қажет. Плита мен LPG газсалқындатқышы арасында байланыстырушы есебінде пайдаланатын құбыршекке арналған саптаманы оны жұмсарту үшін ыстық суға 1 минутқа салыңыз және құбыршекке арналған саптаманы оның орнына тірелгенше орнатыңыз. Қысқышты мұқият қысыңыз. Құбыршекке арналған екінші саптама үшін дәл осындай процедураны жүргізіңіз және оны LPG газсалқындатқышына кигізіңіз. Құралыңызды LPG (баллон) шұрасына газдың шығуын болдырмайтындай етіп жалғаңыз.


Міндетті түрде газдың шығуын бақылаңыз. Қауіпсіздік мақсатында пайдаланатын кабельдің ұзындығы 125 см аспауы қажет. Сіздің құралыңыз LPG (баллон) газымен жұмыс істеу үшін реттелген. Егер сіздің құралыңыз LPG жұмыс істеген жағдайда, шығысындағы қысымы 1,5 кг/см² TSE 300 мм SS маркалы газсалқындатқышты пайдаланыңыз. Құралды табиғи газға ауыстыру үшін қолдау көрсету қызметіне жүгініңіз.

Табиғи газы бар плитаны алдын-ала дайындау және құрастыру (Опция).

Сіздің планшетыңыз табиғи газбен жұмыс істеу үшін реттелгендіктен, оған құбыршекке арналған сәйкес саптаманы жалғастыру қажет. Пішінін өзгертпей, планшета газ құбыршегін табиғи газдың шұрасына, газдың шықпауын бақылай отырып, жалғаңыз.

Міндетті түрде газдың шығуын бақылаңыз. Қауіпсіздік мақсатында пайдаланатын спиральдік құбыршектің ұзындығы 125 см аспауы қажет. Құралды LPG (баллон) ауыстыру үшін қолдау көрсету қызметіне жүгініңіз.

Плитаны орнату:



Назар аударыңыз!

Газдың шығуын бақылау үшін оттықтың немесе сіріңкенің жалынын пайдалануға қатаң тыйым салынады!

Газдың шығуын бақылау:

Бақылауды орындау уақытында, реттегіштер жабық күйінде тұрғанына, ал ал баллон ашық күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз. Газдың шығуын бақылау үшін құбыршектің саптамасының байланысатын жеріне сабынды көпіршікті жағыңыз. Газ шығып жатқан жағдайда көпіршікті жаққан жерде жаңа көпіршіктер пайда бола бастайды. Бұл жағдайда газдың байланысқан жерін қайтадан тексеріңіз.

Қауіпсіздікке қатысты кеңестер мен ескертулер

Пайдалану ережелері

Алғаш рет пайдалану алдында пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқыңыз. Осылайша, сіз өзіңізді және құралды қорғайсыз.

Орнатылған құралды ғана пайдалануға рұқсат етіледі. Тек сол жағдайда ғана электр өткізгіш бөлшектермен байланыстың қауіптілігі болмайды.

Осы құралды тек тағам дайындау үшін ғана пайдаланыңыз. Басқа мақсатпен пайдалануға тыйым салынады және қауіпті болуы мүмкін. Өндіруші-фирма пайдалану бойынша ережелерді сақтамау немесе қате пайдалану нәтижесінде келтірілген зақым үшін жауапкершілікті көтермейді.

Осы құралды бөлмені жылыту үшін пайдаланбаңыз. Құралдың қасында тұрған заттар мен материалдар, жоғары температурадан жалындыауы мүмкін. Бұдан басқа, ол құралдың қызмет ету мерзімін азайтады.

Газ плитасын пайдалану температураның жоғарылауына және үй-жайдың дымқылдығының пайда болуын тудыруы мүмкін. Сол себептен үй-жайда жақсы желдеткіштің болуын, немесе табиғи желдеткіш үшін ашылған саңылауларды, немесе механикалық желдетуді орындауды (мысалы, аспиратор) қамтамасыз етіңіз.

Плитамен ұзақ уақыт жұмыс істеген кезде терезені ашу қажет немесе тиімді желдетуді қамтамасыз ету үшін аспираторды жоғары қуатта пайдалану қажет.

Аспапты жақсы желдетілетін үй-жайда пайдаланыңыз.

Газ плитасын барлық бөлшектер орнатылғаннан кейін ғана тұтатыңыз.

Конфорканың үстінде ешқандай ыдыс болмаса, оны тұтатпаңыз. Газ плитасының үстінде орналасқан аспиратор, бұзылуы мүмкін немесе қатты жалыннан жануы мүмкін.

Ұсынылғаннан басқа диаметрдегі ыдыстарды пайдаланбаңыз («Дайындауға арналған ыдыс» бөлімін қараңыз). Шағын диаметрлі кәстрөлдер немесе табалар конфоркада тұзу тұра алмайды және құлауы мүмкін. Диаметрі тым үлкен ыдыстарды пайдаланған кезде, ыдыстың астынан шығатын ыстық газ, үстелдің үстіңгі бетіне, жоғары температурадан қорғалмаған қабырға жабынына немесе құралдың бөлшектеріне зиян келтіруі мүмкін. Өндіруші-фирма жоғарыда айтылған себептер бойынша келтірілген зиян үшін жауапкершілікті көтермейді.

Плитаның айналасында тез тұтанатын заттар немесе материалдар тұрмауы қажет.

ЕСКЕРТУ: Осы құралдың қызмет ету мерзімі дайындалған күннен бастап 10 жыл, 4077 нөмірлі заңға сәйкес.

Қауіпсіздікке қатысты кеңестер мен ескертулер

Үйде балалар бар

Бұл плита, пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықта қамтылған мәліметтерді түсінуге қабілетті ересектермен қолдану үшін арналған. Балалардың плитаның қауіптілігін толық түсінуге жағдайы жоқ. Осы себеппен балаларға ерекше назар аударыңыздар.

Неғұрлым ересек жастағы балалар, ересектердің түсіндірулерінен кейін, плитаны қауіпсіз пайдаланудың тәсілін және дұрыс пайдаланбаған жағдайда олардың күтілетін қауіпін түсінгеннен кейін ғана пайдалана алады.

Балаларға плитамен ойнауға рұқсат бермеңіз.

Плита жұмыс істеген кезде қызады және бұдан кейін біраз уақыт ыстық болып тұрады. Балаларға плита толық суымағанша, күйі қауіпі үшін плитаға жақындауға жол бермеңіз.

Плитаның үстіне немесе оның ар жағына балалардың назарын аударатын заттарды орналастырмаңыз. Себебі балалар оларды алу үшін плитаның үстіне шығуға тырысады. Күйіп қалу қауіпі бар!

Балалар кәстрелі немесе табаны төмен тартпауын қадағалаңыз. Күйіп қалу қаупі бар! Қауіптілікті азайту үшін сіз плитаның шеттеріне орнату үшін арнайы қорғаушы қоршауларды сатып ала аласыз.

Жұқалтыр және пенопласт сияқты, орамдаушы материалдар балар үшін қауіпті болуы мүмкін. Тұншықтыру қаупі бар! Орамдаушы материалдарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз немесе мүмкіндігінше үйден тезірек шығарыңыз.

Пайдаланылмайтын құралдардан газдық және электрлік жалғағыштарды алып тастау қажет; себебі осы кабельдер балалар үшін қауіп төндіреді, оларды алып тастау қажет.

Бұл құрал дене кемістігі бар, қабылдау және ақыл-ой дамуының (балаларды қоса алғанда) кемістігі бар, сондай-ақ тәжірибесі немесе білімі жеткіліксіз тұлғаларға жауапты тұлғаның тарапынан бақылаусыз пайдалану үшін арналмаған.

Балалардың құралмен ойнауын алдын ала отырып, оларды қадағалау қажет.

Құрал жұмыс істеген кешде қол жетімді беттері қыздырылады, абай болыңыз.

Құрал сыртқы таймерден немесе қашықтықтан басқарудан жұмыс істемейді.

Қауіпсіздікке қатысты кеңестер мен ескертулер

Құралды қорғау

Эмальданған бетке заттар немесе ыдыс-аяқтардың құламауын қадағалаңыз. Тіпті тұз сауыты сияқты жеңіл заттар, эмальдің керамикалық бетінің сырылуына немесе жарықшақтың пайда болуына әкелуі мүмкін.

Қабырғалары өте жұқа ыдыстарды пайдаланбаңыз, отқа бос ыдысты қоймаңыз (сіз оны, егер өндіруші-фирма осылай пайдалануды қарастырған кезде ғана істей аласыз). Жоғарыда аталған тармақтарды сақтамаған жағдайда плита бұзылуы мүмкін.

Бүмен тазартқыштарды пайдалануға қатаң тыйым салынады. Бу электр өткізгіш бөлшектердің ішіне кіріп кетуі мүмкін және қысқа тұйықталуды тудыруы мүмкін. Бұдан басқа, қысым астындағы бу плитаның бетіне және құрылымдық бөлшектеріне түзетілмес ақаулардың себебі болуы мүмкін. Өндіруші-фирма осындай ақаулар үшін жауапкершілікті көтермейді.

Күйіп қалудан және жидітуден қорғау

Плита жұмыс істеген кезде қызады және бұдан кейін біраз уақыт ыстық болып тұрады. Плита ыстық болып тұрған кезде, оған қол тигізбеуді қадағалаңыз. Балаларға құралдың қасына жолауға рұқсат бермеңіз.

Ыстық плитамен жұмыс істеген кезде қолды асханалық қолғаптармен, кәстрөлдерді ұстағыштармен және т.б. қорғаңыз. Ұстағыштар алаудан тұтанбауын қадағалаңыз. Сол себепті тым үлкен ұстағыштарды немесе шүберектерді пайдаланбаңыз.

Бұдан басқа, олар дымқыл немесе сулы болмауын қадағалаңыз. Себебі дымқыл мата жылуды өте тез өткізеді, қолдың күйу қаупі бар.

Плитада консервілік банкалар сияқты жабық ыдыстарды қыздырмаңыз. Пайда болатын жоғары қысымнан ыдыс жарылып кетуі мүмкін, мертiгу немесе күйiп қалу қаупi бар!

Бұл құралды үстел есебінде пайдаланбаңыз. Конфорка өздігінен тұтанған жағдайда немесе қалдық жылудан плитаның үстінде тұрған заттардың қызуы, ерітілуі немесе тұтануы мүмкін.

Плитаның бетін матамен немесе қорғаныш жұқалтырмен жаппаңыз. Конфорка өздігінен тұтанған жағдайда өртену қаупі пайда болуы мүмкін.

Қауіпсіздікке қатысты кеңестер мен ескертулер

Құралды қорғау

Құралдың бетінен майдың немесе басқа да тұтануы мүмкін заттардың (тағамды) шашырандыларын бірден сүртіңіз. Олай істемеген жағдайда тұтану қаупі бар.

Сіз тағамды қыздырылған майда дайындап жатқан кезде, плитаны қараусыз қалдырмаңыз. Қыздырылған май тұтануы мүмкін және аспираторды өртеуі мүмкін. Өрт шығу қаупі бар!

Егер қыздырылған май сонда да тұтанған жағдай болса, оны сумен сөндіруге қатаң тыйым салынады! Осындай жалынды кәстрөлдің қақпағымен, қалың дымқыл матамен және т.б. сөндіру қажет.

Ешқашан аспиратордың астында тағамды отта дайындамаңыз (мысалы, банандық флампбэ). Жалын аспиратордың тұтануының себебі болуы мүмкін.

Конфорканың жалыны кәстрөлдің шетінен шығып кетпеуін қадағалаңыз.

Қауіпсіздікке қатысты кеңестер мен ескертулер

Құралдың ақаулығы жағдайында

Құралдың ақаулығы жағдайында алдымен плитаны өшіріңіз, газдық шұраны жабыңыз және бұдан кейін үйдегі сақтандырғышты өшіріңіз. Сымдық сақтандырғыш болған жағдайда оны толығымен ұяшығынан суырыңыз. Егер құрал орнатылмаған немесе қосылмаған жағдай болса, электрлік байланысты өшіріңіз. Айырды розеткадан алып тастауға арналған осы операцияны орындаған кезде баусымынан тартпаңыз, құрғақ қолыңызмен айырдан ұстаңыз және оны розеткадан суырыңыз. Қолдау көрсету қызметіне хабарлаңыз. Жөндеу жұмыстары аяқталғанға дейін құралды электрлік желіге қоспаңыз.

Жөндеу бойынша процедураларды тек өкілетті мамандар ғана орындай алады. Ережелерді сақтамай орындалған жөндеудің нәтижелері, адамдар және құрал үшін қауіпті болуы мүмкін. Құралдың корпусын ешқашан ашпаңыз.

Кепілдік уақытының ішінде жөндеу өндіруші-фирманың өкілетті техникалық қызметтерімен жүргізілуі мүмкін; осы талаптарды сақтамағанның нәтижесінде болған зиян үшін, кепілдік талап етілмейді.

Өзге қауіптіліктерден қорғау

Плитаның қасындағы розеткаларды пайдаланған кезде, жылу кабельге әсер етпейтіндігіне көз жеткізіңіз – кабельді оқшаулағыштың бұзылуы мүмкін. Тоқ соғу қаупі бар!

Тамақтарды әрқашан тиісті температурада жылытыңыз. Тағамда болуы мүмкін бактериялар, тек жеткілікті температурада және жеткілікті мерзімнің ішінде жылытқан кезде өледі.

Пластикалық ыдыстарды немесе алюминий фольгадан жасалған ыдымтарды пайдаланбаңыз. Жоғары температурада олар еріп кетеді, және, бұдан басқа, өрт шығу қаупі бар!

Егер плитаның астында жылжымалы жәшік болса, спрейі бар, тез тұтанатын сұйықтықтары немесе басқа жанғыш материалдары бар ыдыстарды сақтамаңыз. Егер жәшікте шанышқыларға және қасықтарға арналған қорап болса, ол қызуға шыдамды материалдан орындалуы қажет.

Егер құралды ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз, қайтадан пайдалану алдында оны мұқият тазарту қажет. Қолдау көрсету қызметінің қызметкері құралдың жұмыс істеуін бақылауы қажет.

Қоршаған ортаны тиімді қорғау

Орамдауды кәдеге жарату

Орамдау тасымалдаған кезде құралды қорғау үшін өте маңызды. Себебі екінші рет қайта өңдеуге жарамды материалдан дайындалған, бұл шикізатты пайдалануды және қоқыстың пайда болуын азайтады. Екінші рет қайта өңдеу материалын қабылдау бекеті туралы мәліметтерді сіз өзіңіздің қалаңыздың әкімдігінен ала аласыз.

Ескі құралды кәдеге жарату

Ескі электрлік немесе электрондық құралдарының құрамында бағалы қажетті бөлшектер болуы мүмкін. Бұдан басқа, бұдан кейін пайдалануға жарамсыз және қалған-құтқандарды қабылдау бекетіне өткізілетін құралдардың құрамында, құралдардың жұмысын қамтамасыз ететін, табиғат және қоршаған орта үшін зиянды заттар болуы мүмкін. Сол себепті пайдаланылмайтын ескі құралдарды қоқысқа лақтыруға қатаң тыйым салынады.

Осындай құралдар қаланың әкімдігімен анықталған арнайы қабылдау бекеттеріне өткізуге жатады, осылайша сіз электрлік және электрондық бөлшектерді қайтадан пайдалануды қамтамасыз ете аласыз.

Кәдеге жарату уақытына дейін сіздің құралыңыз үйде балалардың қолы жетпейтін жерде болуына назар аударуыңызды сұраймыз. Осы тақырып бойынша мәліметтерді сіз пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың «Қауіпсіздікке қатысты кеңестер мен ескертулер» тарауында таба аласыз.

Алғаш пайдалану алдында

Алдын ала мәліметтер

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты сақтаңыз және қажет болған жағдайда оны құралдың келесі иесіне беріңіз. Плитаның металды бөліктері арнайы материалмен қорғалған. Осы себеппен алғаш рет пайдаланған кезде уақытша иіс пайда болуы мүмкін. Алғаш пайдаланған кезде иіс пен түтін уақытша болып табылады, және жалғаған кездегі қателіктермен немесе ақаулықтармен туындалған жоқ.

Алғашқы тазалау және алғашқы қыздыру

Алғаш пайдалану алдында құралды келесі түрде тазалау қажет:

Газ плитасының шешілетін бөліктерін жуғыш құралдары бар сумен жуыңыз, әбден құрғатыңыз және орнына орнатыңыз. («Тазалау және күтім жасау» тарауын қараңыз).

Плитаның қауіпсіздік механизмінің жұмысы



Газды өшірудің қауіпсіздік құрылғысы


(егер сіздің құралыңызда газды өшірудің қауіпсіздік құрылғысы болған жағдайда) Өрбір оттық оттыққа сұйықтық ағып кеткен жағдайда немесе балалар байқаусыздан газ шұраларын қосқан жағдайда газдың шығуын болдырмау үшін газды өшірудің қауіпсіздік құрылғысымен жабдықталған.

Батарманы алдыға қарай басыңыз және оны сағат тіліне қарсы бұраңыз. Бірден бұдан кейін автоматты тұтату орындалады. Жандыруды жүзеге асырғаннан кейін батырманы алдыға тірелгенге дейін басыңыз және оны осы күйінде 5 сек ұстап тұрыңыз; жылы элементі,

жандырудың жалынын бекітіп, белсендіріледі және газдың жолын ашады. Сұйықтық аққан кезде немесе ұқсас себептер болған кезде жалынды өшіргенде газ қысқа уақыт ішінде келуі жалғастырады, бұдан кейін жүйе өздігінен өшіріледі.

Пайдалану

Қосу, өшіру, реттеу



● Газдың ағыны тоқтатылады



Үлкен от



Кішкентай от

Конфоркалардың механизмдері тек басқан кезде және реттегіштерді сол жаққа бұраған кезде ғана қосылады, және оң жаққа бұраған кезде өшіріледі. Болған жағдайда:

- құралдың реттегішке баспаған кезде қосылуы,
- құралдың реттегішті оң жаққа бұраған кезде қосылуы,
- құралдың реттегішті сол жаққа бұраған кезде өшірілуі


Құралдың бөлшектері бұзылады. Өндіруші-фирма осындай қате пайдаланудың нәтижесінде пайда болған ақаулықтар үшін жауапкершілікті көтермейді.

Қосу, өшіру, реттеу

- Конфорканы жағу үшін қосуды реттегішті басыңыз және, оны солға бұрап, оны жалынның үлкен белгісіне орналастырыңыз.
- Енді, қосуды реттегіш басылғаннан кейін, оны кішкентай жалынның белгісіне дейін бұраңыз.
- Жалынды, ол кәстрөлдің шеттерінен шықпайтындай етіп реттеңіз. Себебі газдың жалынының сыртқы бөлігі ішкі бөлігіне қарағанда аса қарқынды жанатындықтан, жалынның ұштары кәстрөлдің астында қалуы қажет. Сыртқа шығатын жалын қуатты босқа кетіреді және кәстрөлдің тұтқасын қыздырады.

Конфорканы өшіру:

Жандырғышты қосуды реттегішті • белгісіне оң жаққа орналастырыңыз. Газдың ағыны тоқтатылады және жалын өшеді.



Электрлік конфорканы пайдалану

Электрлік конфорканы алғаш рет пайдаланған кезде реттегішті «1-суретте» көрсетілген сияқты 3 қалпына келтіріңіз және оның үстіне кәстрөлді қоймай, конфорканың 2–3 минут ішінде қызуына мүмкіндік беріңіз. Осы процедура электрлік конфоркада қорғаушы қабаттың орнығуын қамтамасыз етеді. Конфорканың үстіне конфоркаға толығымен тұратын, түбі түп-түзу кәстрөлді қою қажет; конфоркаға түбі, қақпағы және басқасы дымқыл кәстрөлді қоймаңыз. Реттегіштің 1 позициясы ең кішісін, ал 3 позициясы – ең үлкен қыздыруды қамтамасыз етеді. «2-кесте» Егер тағам дайындауға арналған ыдыстың диаметрі конфорканың диаметріне сәйкес келсе, бұл электр қуатын үнемдеуді және максималды тиімділігін қамтамасыз етеді. Дайындауды немесе қыздыруды аяқтағаннан кейін реттегішті өшірілген қалпына келтіріңіз. Себебі өшіргеннен кейін конфорка тағы біраз уақыт жылу береді, соны да пайдалануды ұмытпаңыз.

Электрлік конфоркаларды пайдалану позициялары – 2-кесте

Реттегіштің позициясы	1	2	2
Қуат Ватт	250	750	1000
Пайдалану әдісі	Қыздыру	Төмен температура	Жоғары температура

Пайдалану

Газ плиталарында пайдалануға жарамды ыдыстар

Конфорка	Кәстрөл/таба түбінің ең кіші диаметрі см.
Кішкентай	12
Үлкен	14
	Кәстрөл/таба түбінің ең үлкен диаметрі см.
Кішкентай	22
Үлкен	24


- Тағамдарыңызды дайындау үшін конфорканың өлшеміне сәйкес келетін кәстрөлдерді және табаларды таңдаңыз. Әдетте, мынадай үйлесімі ұсынылады:

Үлкен диаметр = үлкен конфорка,

Кішкентай диаметр = кішкентай конфорка



- Тар және биік кәстрөлдерді пайдаланбауға тырысыңыз. Олардың орнына кең және жалпақтарды таңдаңыз, себебі сондай кәстрөлдер тез қыздырылады.
- Түбі қалың кәстрөлдерді сатып алыңыз, себебі олар жылуды жақсы таратады. Түбі жұқа кәстрөлдерде тағам бір нүктеде жылудың шамадан тыс мөлшерін алады, жылу біркелкі таратылмайды. Сол себеппен тағамды жиі араластыру қажет.
- Газ плиталарында сіз ыдыстардың, кәстрөлдердің және табалардың барлық түрлерін пайдалана аласыз.
- Кәстрөлдерді және табаларды сатып алған кезде, әдетте түбінің диаметрі емес, жоғарғы бөлігінің диаметрі көрсетілетіндігін есте сақтаңыз.
- Кестедегі өлшемдерді, деректерді басшылыққа алыңыз. Егер түбінің диаметрі өте кішкентай болса, кәстрөл немесе таба тұзу тұра алмайды. Егер жоғарғы диаметрі өте үлкен болған жағдайда, астыдан келетін газ жақын жерде орналасқан заттарды немесе материалдарды, сонымен қатар қабырғалардағы панельдерді бұзуы мүмкін. Өндіруші-фирма осындай түрде келтірілген зақымдар үшін жауапкершілікті көтермейді.
- Тағамды мүмкіндігінше қақпағы жабық кәстрөлдерде және табаларда дайындаңыз. Осылайша қуаттың қажет емес шығыны ескертіледі.
- Тор көрсетілген сүйеніштерде тұруы қажет. Олай істемеген жағдайда ол қисық тұрады, кәстрөлдің аударылып қалуы мүмкін.



Тазалау және күтім жасау

Жалпы мәліметтер

Плитаны күтудің аса жақсы тәсілі плитаны әрбір пайдаланғаннан кейін тазалау болып табылады. Ол үшін алдымен плитаның суығандығын күтіңіз.

Плитаны тазалау үшін бумен тазартқыштарды пайдалануға қатаң тыйым салынады. Бу электр өткізгіш бөлшектердің ішіне кіріп кетуі мүмкін және қысқа тұйықталуды тудыруы мүмкін. Бұдан басқа, қысым астындағы бу плитаның бетіне және құрылымдық бөлшектеріне түзетілмес ақаулардың себебі болуы мүмкін. Өндіруші-фирма осындай ақаулар үшін жауапкершілікті көтермейді.

Тазалау кезінде ұшы өткір заттарды пайдаланбаңыз.

Төменде аталған тазарту құралдарын пайдалануға қатаң тыйым салынады, себебі олар плитаны бұзуы мүмкін: Құрамында құм, сода, сода/сілті, қышқыл немесе хлоридтер бар заттар, грильге және духовкаларға арналған спрейлер, ыдыс жуатын машиналарға арналған тазарту құралдары, дақтар мен тотты тазартуға арналған құралдар, тазартқыш ұнтақтар, сұйық түрпілі тазарту құралдары, қатты ысқыштар/шөткелер.

Конфорканың қақпашығы уақыт өте келе біраз күңгірт болады. Бұл материалдың сапасын байланысты емес қалыпты жағдай.

- Конфорканың алынбайтын бөлшектерін дымқыл шүберепен сүртіңіз және құрғатыңыз.
- Оттықтың электродын және термиялық элементті жақсы сығылған шүберекпен сүрту қажет, бұдан кейін құрғақ шүберекпен құрғағанша сүрту қажет.

Конфорканың оттығының электродын суламау қажет, өйтпеген жағдайда оттық жұмыс істемей қояды.

Әрбір ылғалды тазалаудан кейін плитаны құрғағанша сүртіңіз. Осылайша сіз өктің езілуінен де құтыласыз.

Плитаның торлары және реттегіштері

Торларды алып тастаңыз,

Торларды және реттегіштерді ыстық сабынды суда суланған ысқышпен және шүберекпен тазартыңыз. Қатты ластанған жағдайда сіз олардың жұмсаруы үшін, біраз уақытқа ыстық судың астына орналастыра аласыз.

Бұдан кейін барлық бөлшектерді жұмсақ шүберекпен сүртіңіз және құрғатыңыз.

Конфорка

Сіз духовка суыған кезде, оларды шешіп алып тазарта аласыз

Конфоркаларды келесі түрде бөлшектеп және тазарту қажет:

- Барлық жылжымалы бөлшектерді шешіңіз және оларды жуғыш құралдары бар ыстық сумен жуып шығыңыз. Бұдан кейін оны құрғатыңыз. Жалынға арналған саңылауларда судың қалмағанына назар аударыңыз.



Техникалық сипаттамалары

Газды жалғау

Газды жалғау процедуралары немесе газдың басқа түріне ауыстыру тек білікті және өкілетті маманмен орындалуы қажет. Өкілетті тұлға осы процедураны мінсіз орындауға міндетті.

Газды жалғауды орындаған кезде, газды жабу шұрасы қолжетімді жерде орналасуы қажеттігіне назар аударыңыз. Газды өндіруші-фирмадан сізге жеткізілетін газдың түрі туралы біліңіз және осы мәліметтерді сіздің құралыңыздағы төлқұжат заттаңбасында жазылған мәліметтермен салыстырыңыз.

Құрал табиғи газбен және LPG бірге жұмыс істеу үшін жарамды.

Осы құрал жүйеге байланысты табиғи газ немесе LPG үшін әзірленген. «Төлқұжат заттаңбасын қараңыз».

Құралмен бірге басқа елде пайдаланылатын, жүйеге арналған газдың басқа түрімен жұмыс үшін жарамды бүріккіш жеткізіледі.

Егер орамада тұрған бүріккішті монтаждаған кезде, газдың түріне сәйкес келмесе, қолдау көрсету қызметіне жүгініңіз. Газдың басқа түріне ауысу процедурасы орнату бойынша нұсқаулықтарда толық сипатталған.

Құралды орнату

LPG жалғау

Плитаға пайдаланатын газ құбыршегінде және газсалқындатқышта TSE мөрі болатындығын бақылаңыз. Газ келіп түсетін құбыршекті, плитаның артындағы құбыршекпен жалғаңыз, және оларды «6-суретте» көрсетілген сияқты, бұрағыштың көмегімен сымды қысқышпен бекітіңіз, және оны жақсылап бекітіңіз. Құралдың газ құбыршегінің ұзындығы 1250 мм аспауы қажет.

Пайдаланылатын газсалқындатқыш 300 мм SS 1,5 кг/сағ қысымына жарауы қажет және TSE сертификатына ие болуы қажет. Құралды орнатуға бөгде адамдардың араласуына рұқсат бермеңіз. Пайдалану алдында газдың шықпайтындығына көз жеткізіңіз.



6-сурет

Газдың шығуын бақылау:

Табиғи газдың газсалқындатқышын немесе табиғи газдың шұрасын ашыңыз және сізбен орындалған жалғауларға қалың сабынды көпіршікті жағыңыз, осылайша газдың шығуы бар ма, жоқ па екенін анықтаңыз.

- Осы тексеруді жалынмен орындауға қатаң тыйым салынады.

Ақаулар

Келесі ақаулар болған жағдайда не істеу қажет

Электрлік және газ құралдарын жөндеу тек ресми қолдау көрсету қызметімен жүзеге асырылуы қажет. Жөндеу кезінде болған қателер пайдаланушы үшін қауіп келтіруі мүмкін.

Қуат беру кабелін бұзған кезде қауіпті жағдайлардың алдын алу үшін осы кабель өндірушімен немесе оның сервистік агенттігімен немесе бара-бар өкілеттікке ие персоналмен ауыстырылуы қажет.

Егер конфорка бірнеше талпыныстан кейін жанбаса, не істеу керек?

Тексеріңіз:

- Конфорканың механизмін дұрыс орнату,
- Газдың шұрасы ашық па екендігін,
- Конфорканың механизмі құрғақ және таза,
- Жалынның саңылаулары ашық және таза,
- Электрлік сақтандырғыш үйде/пәтерде ашық.
- Бұдан басқа, клиенттермен жұмыс жүргізу бойынша қызметке және қолдау көрсету қызметіне хабарлаңыз. «Электрді өшіргеннен кейін пайдалануды» қараңыз.

Конфорканы жаққаннан кейін қайтадан сөніп қалса не істеу керек?

- Конфорканың жоғарғы беті дұрыс орналастырылғанына көз жеткізіңіз.

Егер плитаның конфоркасының механизмінің тұтату (оттық) жүйесі жұмыс істемесе, не істеу керек?

- Тұтату электроды мен конфорканың жоғарғы бетінің арасында тағамның қалдықтары тұрмағанын тексеріңіз. Осы орынды әбден тазартыңыз. Тұтату электроды құрғақ болуы қажет.

Егер жалынның түрі кенет өзгерсе, не істеу керек?

- Оттықтың механизмінің дұрыс орнатылғандығын тексеріңіз.

7 БӨЛІМ

Тасымалдау туралы мәліметтер

LPG бар плитаны алдын-ала дайындау және құрастыру (Опция).

Егер сізде тасымалдау қажеттігі пайда болған жағдай болса:

- Бастапқы орамасын сақтаңыз
- Қорапта көрсетілген, тасымалдау жөніндегі нұсқаулықтарды сақтай отыра, бастапқы орамада тасымалдауды орындаңыз.

Егер бастапқы орама сақталмаса:

- Газ оттықтарының жоғары беттерін және жоғарғы торларды жоғарғы беттеріне скотчпен бекітіңіз.
- Электрлік конфоркалары бар үлгілерде электрлік конфоркаларды көпіршікті үлдірмен немесе қалың қатты қағазбен жабыңыз.
- Құралдың ықтимал сыртқы соқтығыстарына қарсы шаралар қабылдаңыз. Үстіне ешқандай жүк қоймаңыз.
- Көшірген кезде құралды (оның жоғарғы бөлігі жоғары жақта болуы қажет) еденге параллель болуы қажет.


Министрлікпен расталған құралдың қызмет мерзімі – 10 жыл.

8 БӨЛІМ

Электр плитасын пайдалану

	БІР КОНФОРКА	ЕКІ КОНФОРКИ	ЕКІ КОНФОРКИ
Ені	260 мм	478 мм	478 мм
Тереңдігі	260 мм	258 мм	258 мм
Биіктігі	66 мм	66 мм	66 мм
Нетто салмағы	2,1 кг	3,9 кг	4,7 кг
Қуат	1000 Вт	1000 + 1000 Вт	1000 + 1500 Вт
Қуат беру кернеуі	220–240 В – 50–60 Гц	220–240 В – 50–60 Гц	220–240 В – 50–60 Гц

1. Электрлік конфорка 1000 Вт
2. Электрлік конфорка 1500 Вт
3. Конфорканы реттегіш
4. Термостаттың шамы
5. Плитаның аяғы



Қызмет мерзімі: 10 жыл (қосалқы бөлшектерді, құрал жұмыс істеуі алатындай мерзім бойы сақтау).

Құралда көрсетілген, сонымен қатар құралмен бірге жеткізілетін құжаттарда, стандарттарға сәйкес зертханалық шарттарда алынған мәндер. Осы мәндер құралды пайдалану шарттарына және ортасына байланысты өзгеруі мүмкін.

9 БӨЛІМ

Электр плитасының техникалық сипаттамалары



ПЛИТКА ТЕРМОСТАТПЕН ЖАБДЫҚТАЛҒАН. СІЗ ОСЫ ҚҰРАЛДЫ СОНДА КӨРСЕТІЛГЕН МИН. ЖӘНЕ МАКС. АРАСЫНДАҒЫ БЕЛГІЛЕРДЕ ПАЙДАЛАНА АЛАСЫЗ. ОСЫ БЕЛГІЛЕРДІҢ АРАСЫНДАҒЫ МӨНДЕРДЕ СИГНАЛДЫҚ ШАМДАР ТЕМПЕРАТУРАҒА БАЙЛАНЫСТЫ АКТИВТЕНДІРІЛЕДІ ЖӘНЕ ДЕАКТИВТЕНДІРІЛЕДІ.

Электрлік плиталар туралы пайдалы мәліметтер

- Электрлік плитаның конфоркасының жоғарғы бөлігі жоғары температураларға тұрақты, қорғаушы жабынына ие болады. Алғаш рет пайдаланған кезде реттегішті МАКС. қалпына келтіріңіз және оның жоғарғы қабаты қызып, қатаюу үшін, оған 5 минут ішінде қызуына уақыт беріңіз.



Дұрыс
Кестрелдің түбі
түзу


Дұрыс емес
Кестрелдің түбі
домалақтанған




Дұрыс емес
Кестрелдің диаметрі
кішкентай

Дұрыс емес
Кестрел түзу
тұрған жоқ

- Түбі түзу кестрелдерді пайдаланыңыз. Осылайша сіз жылу қуатын максималды пайдаланасыз.
- Түбінде дөңесі бар кестрелдерді пайдалану ұсынылмайды.
- Диаметрі сәйкес келетін кестрелдерді пайдаланыңыз. Конфорканың диаметріне қарағанда диаметрі аз кестрелдерді мүмкіндігінше пайдаланбаңыз. Диаметрі кішкентай кестрелдерді пайдалану жылу қуатын жоғалтудың себебі болып табылады.



Электрлік плиталардың техникалық сипаттамалары



- Конфоркаға тек түбі құрғақ кестрелдерді ғана қойыңыз. Конфоркаға кестрелдердің қақпақтарын қоймаңыз, әсіресе, егер олар дымқыл болса.
- Конфорканы пайдаланғаннан кейін, конфорка суығаннан кейін оны дымқыл шүберекпен сүртіңіз. Егер конфорка қатты кір болса, жуғыш құралы бар сумен жақсылап тазартыңыз.
- Конфорканы тазартқаннан кейін, оны құрғату үшін, бірнеше минут ішінде қыздырыңыз. Егер сіз конфорканы бірнеше уақыт ішінде пайдаланбайтын болсаңыз, конфорканың бетіне машина майының жұқа қабатын жағыңыз.
- Конфорканың маңайындағы тот баспайтын болат өзінің түсін өзгертуі мүмкін. Ол құралды пайдалануға әсер етпейді.

10 БӨЛІМ

КЕПІЛДІК

Біз осы газ кірістірілетін әзірлеу беттері сатып алу күнінен бастап бір жылға кепілдік береміз. Егер сіз бұйымды осы нұсқаулыққа сай қолдансаңыз, бірақ бұзылу бәрібір орын алса, ең жақын сервистік орталыққа хабарласыңыз. Кепілдік бойынша қызмет көрсетілуі үшін сатушы сату кезінде міндетті түрде толтыруы керек кепілдік талонымен бірге тұрмыстық құрылғыны сатып алу чегін беру керек. Кепілдік талонын толтыруды талап етіңіз. Әйтпесе, кепілдік бойынша міндеттемелер жарамсыз болады.

Келесі жағдайларда кепілдік қолданылмайды:

- Осы нұсқаулықта немесе кепілдік талонында көрсетілген талаптар бұзылған.
- газ кірістірілетін әзірлеу беттері өндірістік мақсаттарда қолданылған.
- Кепілдік мерзімі біткен.
- Сапалы емес орнату, дұрыс емес қолдану орын алды.
- газ кірістірілетін әзірлеу беттері өкілетті емес сервистік бекетте жөндеуден өткен немесе жөндеу кезінде басқа өндірушінің қосалқы бөлшектері қолданылған. Кепілдік мерзімі біткеннен кейін барлық регламенттік жұмыстар, жөндеу және қосалқы бөлшектерді ауыстыру ақылы болып табылады.

Бұйым еуропалық стандарттарға сай өндірілген және сертификаттаудан өткізілген.



Бұл нұсқаулық тұрмыстық кірістірілетін газ кірістірілетін әзірлеу беттері:

PG-606BL, PG-606IV, PG-607BL, PG-607IV, PG-613, PG-641.

**Құрметті сатып алушы,
«MBS» сауда белгісінің өнімін таңдағаныңыз үшін рақмет.**

Өндіруші

RE-MA METAL TEKSTIL INS. GIDA SAN. TIC. LTD STI

(РЕ-МА МЕТАЛ ТЕКСТИЛЬ ИНС. ГИДА САН. ТИК. ЛТД СТИ)


АДРЕС: ОРГАНАЙЗ САНАЮ БОЛГЕЗИ 9 КАДДЕ НОМЕР 17, КАЙСЕРИ, ТҮРКИЯ.

МБС СТАРС ГРУП АГ ҮШІН.

Сериялық идентификациялық нөмір

(Кепілдік талонында, мотордағы жапсырмада, қораптағы жапсырмада көрсетілген).


2011 01 01 170



1 – жыл

2 – ай

3 – бұйымның сериялық нөмірі



CE ISO9001 : 2000 EAC